



● АЙМАҚ



ТАРИХЫ ТЕРЕН, ЕҢБЕГІ ЕРЕН

Арқалық қаласына – 60 жыл

**Қасқырбай
ҚОЙШЫМАНОВ**

1956 жылы қазіргі қаланың алғашқы кірпіші қаланған. Арқалық қаласының құрылуы боксит пен алюминий тотығы кенішінің табылуымен тығыз байланысты. Көлемі жағынан әлемдегі ең үлкен қалалардың бірінің жақында 60 жылдығы аталып өтілді. Көшелер мен аулалардың тазалығы,

автокөлік жолдарын жөнге келтіру жұмыстары, жалпы қала келбетін ажарландыру былтыр қолға алынған. Мерейтойға арналып жаңа ғимараттар бой көтерді.

60 жылдықты мерекелеу елге еңбегі сіңген кеншілерді марапаттау рәсімімен басталды. Алдымен, жиылған жұрт өңірдің өткен белестерін бедерлеген көркем фильмді тамашалады. Кеңестің ірі геолог ғалымы Алексей Волковтың, руданың алғашқы шөмішін жер бетіне шығарған экскаваторшы Михаил Демченконың,

тың игеру жылдарында үлкен еңбек еткен Оразалы Қозыбаевтың өмір жолдары туралы мағлұмат берілді. Торғай боксит кеніш басқармасы кәсіпорны осы уақытқа дейінгі жұмысының нәтижесінде 80 млн. тонна боксит өндірісе, соның 16 миллионы – алюминий. Арқалық қаласының әкімі Амантай Балғарин құттықтау сөзінде:

– Боксит – Арқалықтың символы. Тау мен тасты кезіп, жер байлықтарын зерттеген кеншілердің еңбегі ұшан-теңіз.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

3-бет

● ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛ

Мемлекеттік тілдің аясын кеңейтпек

**Кенже
ҚОНЫСБАЙ**

"Қазақтелеком" АҚ Қостанай облыстық телекоммуникация орталығында "Халыққа қызмет көрсететін ұйымдарда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту" туралы дөңгелек үстел өтті. Бұл іс-шара алдағы Тілдер күні мерекесі қарсаңында ұйым-

дастырылып отыр. Айтулы жиынға облыс орталығындағы әлеумет игілігіне еңбек ететін ұжым қызметкерлері қатысты.

Кейін дөңгелек үстелде ой түйістірген азаматтар қазіргі таңдағы қазақ тілінің ауқымы жайында сөз қозғады. Жыл сайын облыс орталығында мемлекеттік тілде сөйлейтін азаматтар көбейіп келеді. Бірақ, кейбір коммуналдық мекемелер қазақтілді

тұтынушыларға лайықты қызмет көрсете алмайды. Бұл проблеманы шешуге облыстық тілдерді дамыту басқармасы бел буып отыр. Алқалы жиынға Қостанай энергетикалық орталығы, Жылуэнергетикалық компаниясы, "Қостанай Су" МКК, "Қаз-ТрансГаз Аймақ" АҚ және Қазпошта өкілдері бой көрсетті. Мамандардың айтуы бойынша, аталған мекемелерде қыз-

меткерлерді қазақ тіліне оқыту жұмыстары қолға алынған. Алдағы уақытта сол мамандардың алғашқы легі қызмет көрсете бастайтын болады.

– Семинардың мақсаты – қызмет көрсету мекемелерінің сапасын арттыру. Әлеуметтік нысандар кез келген тұрғынға түсінікті тілде ақпарат беруі керек.

2-бет

100
80
60
40
100
80
60
40
100
80
60
40
Синий
Красный
Жасыл
Черный

Мемлекеттік тілдің аясын кеңейтпек



Алдымен, қазақ тілі оқ бойы озық тұрған жөн. Бүгін "Қазақтелеком" АҚ-ның филиалымен бірігіп, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту мақсатында осы басқосуды өткізіп отырмыз. Оның үстіне, бұл ұжымның көпке үлгі бола алатын тұстары да жетерлік. Мекеме қос тілді қатар меңгерген қызметкерлер санын көбейтіп келеді. Қазақ тілін оқыту үшін арнайы кабинет ашып, соның жемісін көріп отырған жайы бар. Басқа мекемелер де көрсін, білсін деп, осылардан үлгі алсын деген ниетте ұйымдастырып жатырмыз, – дейді Тілдерді дамыту басқармасының басшысы Жанболат Үмбетов.

Қазіргі таңда қазақ тілін дамыту үшін жылуэнергетикалық компаниясында да арнайы курстар ашылған екен. Компания қызметкерлеріне мемлекеттік тілді үйретіп жүрген Гүлзия Қалымбетова да алқалы жиында өз ойымен бөлісті. Бұл істе тәжірибесі мол маман жиналғандарды қазақ тілін үйретудің жаңа жобаларымен таныстырды. Мысалы, курсқа келушілерді топ-топқа бөліп, олардың жұмыс орнына барып үйретеді. Аудармашының айтуынша, қазақ тілін 2 айдың ішінде меңгеруге болады.

Сегіз нысан сатылды



Қымбат ДОСЖАНОВА

Қостанай облысында жекешелендірудің кешенді жоспарына сәйкес, сомасы 214,4 млн.теңге болатын 8 нысан сатылған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялық қызметінде өткен брифингте облыстық қаржы басқармасының басшысы Сәуле Аймұхамбетова айтты.

Біздің облысымыз жекешелендіруге жоспарланған объектілердің саны бойынша республикада төртінші орында тұр. Көшбасшылардың қатарында Алматы, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстары бар. Қазіргі күні республика бойынша 86,2 млрд. теңге сомасына 308 объект жекешелендірілген.

Қостанай облысында алдағы жылдың кестесінде үш ұйым сатылмақшы. Олар: "Техникалық және кәсіптік білім берудің өңірлік ғылыми-әдістемелік орталығы" КМҚК; "Қостанай аумақтық денешынықтыру орталығы" КМҚК; "Қостанай облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары орталығы" КМҚК. 2018 жылға білім беру саласының 2 нысанын жекешелендіру жоспарланған:

– "Қостанай дарыны" аумақтық ғылыми-практикалық орталығы" КМҚК;

– "Балаларға қосымша білім беретін өңірлік оқу-әдістемелік орталығы" КМҚК.

2019 жылы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы саласында жұмыс істеп жатқан Рудный қаласының 2 кәсіпорнын сату кезекте тұр: "РАХАТ" МКК және "КҮН" МКК.

2020 жылы Қостанай қаласының 2 спорт ұйымын сату жоспарлануда: Бассейн" МКҚК және "Спорт сарайы" МКҚК.

СУРЕТТЕ: Қостанай облысы әкімдігі қаржы басқармасының басшысы Сәуле Аймұхамбетова.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ТКШ-НЫ ЖАҢҒЫРТУ

Тұрғындар үшін жылу бағасы қымбаттамайды

Қымбат ДОСЖАНОВА

Жылу беру маусымының басталуына санаулы күндер қалды. Тариф бағасын ойлағанда көңілге күдік ұялайды. Су мен жылудың бағасы өзгере ме, әлде сол күйі қалады ма? Бұл сауалға жауап беру үшін "Нұр Отан" партиясы Қостанай қалалық филиалы "Айқын тариф" партиялық жобасы шеңберінде "Қазақтелеком" АҚ Қостанай ОТД базасында тұрғындармен кездесу өткізді.

Іс-шарада "Қазақтелеком" АҚ ұсынатын қызметтер және коммуналдық саладағы тариф өзгерістерінің әдістері туралы айтылды. "Қостанай жылу-энергетикалық компаниясы" МКК басшысының орынбасары Валерий Солодовтың айтуынша, биылғы 26 мамырда "ҚЖЭК" МКК мен Еуропалық қайта құру және даму банкі арасында 3 700 000,00 теңге сомасына несиелік келісім-шартқа қол қойылған болатын. Несиелендіру талабына сәйкес, жеңілдік кезеңі 3 жыл, яғни 2016-2018 жж. 2019 жылдан бастап 2028 жыл аралығында кәсіпорын несие бойынша негізгі қарыз бен сыйақыны төлейді.

Компания биыл тұрғындар үшін тариф бағасын өсірмейді. Жоба бойынша, тұрғындар үшін тариф бағасын: 2017 жылы – 2 пайызға, 2018 жылы – 4 пайызға, 2019 жылы – 5 пайызға және жобаның аяқталатын кезеңі, 2020 жылы 1 пайызға өсіруді жоспарлап отыр. Жылу есептегіш құралдарын орнату жұмыстары ойдағыдай іске асуда. Былтыр 346 тұрғын үйге 393 есептегіш құралын орнатуды жоспарлаған болатын. Меже сол күйі орындалды. Ал биыл сәл бәсеңдеу байқалады.

– Біз Қостанай қаласында мемлекеттік бағдарлама бойынша жылу есептегіш құралдарын ор-



натуды екінші жыл қатарынан жүзеге асырудамыз. Былтырғы жылдың жоспарын орындадық. Биыл 210 үйге 247 есептегіш құрал орнатуымыз керек еді. Бірақ, 48 үйге 55 есептегіш құралы орнатылды. Жоспарлы жұмыстың бәсеңдеуінің бірнеше себебі бар. Біріншіден, есептегіш құралдың зауыттан уақытында жеткізілмеуі. Екіншіден, тұрғындардың бәрінен жазбаша келісімнің алынбауы. Тұтынушылардың келісімінсіз бағдарламаны жүзеге асыра алмаймыз, – деді "ҚЖЭК" басшысының орынбасары Валерий Солодов.

"Қостанай Су" МКК директорының бірінші орынбасары Игорь Киселевтың айтуынша, су тарифының өзгеруіне электроэнергия бағасының қымбаттауы себеп.

Аталмыш кездесу "Қазақтелеком АҚ" – Қостанай ОТД Бас директоры Қажымұрат Темірханов және "Нұр Отан" партиясы Қостанай қалалық филиалын төрағасының бірінші орынбасары Мәнарбек Сұлтанғазиннің қатысуымен өтті.

СУРЕТТЕ: кездесуге қатысушылар.

Рудный жылу маусымына дайын ба?

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Рудный қаласының әкімдігінде мәслихаттың тұрақты комиссиясы отырыс өткізді. Онда көтерілген басты мәселе – қаланың алдағы жылу маусымына дайындығы болды.

Жиында әр салаға жауапты лауазымды тұлғалар күн тәртібінде көтерілген сұрақтар бойынша баяндама жасады. Әсіресе, қысқа әзірлік мәселесін халық қалаулылары тәптіштеп сұрады. Қалалық ТКШ бөлімінің басшысы Андрей Чичиновтың қысқаша есебінен кейін қалаға жылу беретін басты кәсіпорын "ССКӨБ" АҚ Жылуэлектр орталығының директоры Игорь Синьковқа сөз кезегі берілді. Ол тұрақты комиссия мүшелеріне орталықта атқарылып жатқан жұмыстарды жіпке тізіп берді.

– Стансаның 1-2-3 турбиналары, генераторлар мен байланыс трансформаторлары толық жөндеуден өтіп, Қашардағы жылу орталығының жұмысы да оңтайландырылды. Бүгінде жылу беруге қолданылатын жабдықтардың 80 пайыздан астамы тексерілді. Сондай-ақ 5-ші жылыту қазандығындағы жаңғырту да аяқталуға жақын. Яғни 1 қазаннан бастап қала қысқы жылу маусымына сақдай сай болады, – деді орталық басшысы.

Айта кеткен жөн, кен алыбы



осы жұмыстарды өз деңгейінде жүргізіп, қажетті құрал-жабдықтарды сатып алуға 2 миллиард 37 миллион теңге бөлді. Орталықтағы көмір қоры да жеткілікті. Жиында ЖЭО жылу жүйесінің бас инженері Александр Богуцкий ағымдағы жылы Рудный мен Қашар бағытындағы жылу құбырларының қаншалықты жаңартылғаны жайлы мәлімет берді.

– Рудный қаласы бойынша 768 метр құбыр жаңасына ауыстырылды. Оның 400-і – магистральді. Қашар кентіне жоба бойынша 725 метр құбыр төсеуді жоспарласақ, іс жүзінде бұл көрсеткіш 855 метрді құрады. Төртінші сорғы стансасы жаңартылып, күрделі жөндеу жұмыстарын орындау көрсеткіші 115 пай-

ызға жетті, – деді ол.

Қалалық мәслихат депутаты Руслан Исмухамбетов рудныйлықтардың жылу есептеуіш құралын орналастыру өтініші бойынша қойылған сұрағына Александр Богуцкий мардымды жауап қатты. Бүгінгі таңда қалада 45 үйге жылу есептегіш құралы орналастырылған. Жыл соңына дейін тағы 10 данасын орнату көзделіп отыр. Бұл, ең алдымен, тұтынушылардың қаржысын үнемдеуге мүмкіндік беретіні сөзсіз. Отырысты қорытындылай келгенде, халық қалаулылары баяндамашылардың жұмысына оң бағасын беріп, қолға алынған шараларды өз уақытында аяқтауға кеңес берді.

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, ЕҢБЕГІ ЕРЕН

1-бет Кеніш басқармасы Арқалық-тың алғашқы қазығы қағылған күннен бастап қала құрушы кәсіпорын болып келеді.

Ұжым 2 млрд. 700 млн. теңгенің өнімін шығарады. Қаламызды көркейту үшін қомақты үлес қосып келесіздер. Жетекші қала құрушы ірі кәсіпорын – "Қазақстан Алюминий" АҚ филиалының Торғай боксит кен басқармасы кәсіпорны. Кәсіпорын бокситтерді және отқа төзімді саз балшық өндірумен айналысады. Павлодар алюминий зауытына боксит, Ресейге отқа төзімді саз балшық шикізаттарын жеткізеді. Міне, сіздер де атақты кеншілеріміз секілді қала тарихында алтын әріптермен жазылып қаласыздар, – деді.

Қостанай облысы әкімінің орынбасары Марат Жүндібаев құттықтау сөз сөйлеп, арнаулы грамота, сыйақылармен марапаттады. Көп жыл бойы қалтқысыз жұмыс істеп келе жатқан еңбек озаттарына автокөлік кілттері тапсырылды.

Мұнан соң жұрт орталық алаңға жиылды. Мұнда – театрландырылған көрініс. Қаз-қатар тігілген киіз үйлер мерекенің көрінісіне қосымша бір бедер беріп тұр. Айтпақшы, білегі мықты жігіттер спорттық сайыстарда сыналып жатты. Мәселен, қазақ күресі аса тартысты өтті. Талай байрақты бәсекелерде топ жарып жүрген "Арқалық барысы" – Фабит Балғынбаев бұл жолы да биіктен көрінді. Ол қарсыластарының бәрін жеңіп, "Түйе палуан" атанды.



Әрі қарай той мерекелік концерттік бағдарламаға ұласты. Қала тұрғындары мен қонақтарын облыс әкімі Архимед Мұхамбетов құттықтады.

– Қазақстанның дамуы, ең әуелі, өңірлердің әлеуетіне байланысты. Талай қиын кезеңдерді басынан өткізіп отырған қалалардың бірі – Арқалық. Ең ауыр жылдарды артта қалдырғаннан кейін Арқалық бірте-бірте еңсесін көтеріп, қайта жаңғыра бастады. Міне, бүгін бұл өңірге алпыс жыл толып отыр. Баршаларыңызды осынау айтулы датамен құттықтаймын. Қала көркейе берсін, – деді



облыс әкімі.

Осыдан кейін Архимед Мұхамбетов мемлекеттік қызметтің ардагері, қаланың бұрынғы әкімі Сабыржан Ахметовті, еңбек ардагері Хамит Досжановты "Арқалық қаласының Құрметті азаматы" атағымен марапаттады. Сондай-ақ, еңбегі еленген Кәкімжан Кербозов және бір топ тұлғаларға "Қостанай облысына – 80 жыл" мерекелік медальдары табысталды. Олардың арасында білім беру ісінің үздігі, "Жас Ұлан" жасөспірімдер орталығының директоры Елена Цвентух та бар.

– Арқалық – менің сүйікті қалаларымның бірі. Жалпы қаланың облыстың экономикасына қосып отырған үлесі зор. Сондай-ақ, бұл өлкеде талай марқасқалар түлеп ұшты. Біз олармен мақтанамыз, 60 жылдығын атап өтіп жатқан Арқалықтың жыл санап дамитынына нық сенімдімін, – деді Елена Семенова.

Марапаттау салтанаты аяқталған соң академик Кенжеғали Сағадиев құттықтау сөз сөйледі. Ол Арқалықтың қиын-қыстау күндерді басынан өткергенін, болашағының жарқын екенін жеткізді.

Осыдан соң сахнаға ҚР Мәдениет қайраткері, танымал әнші Ғазиза Жүмекенова көтеріліп, бірнеше ән шырқады. Арқалық қаласының құрметті азаматы Борах Әбенев жетекшілік ететін Қазақ ұлт-аспаптар оркестрі "Көңілашарды" нақышына келтіре орындаса, Жұлдыз Құрманова, Медет Шәйкелов, Динара Жаңабегенова, Шахризат Сейдахмет сынды әншілер де өз өнерлерін көрсетіп, жұрттың ыстық ықыласына бөленді. Кеш шарықтау шегіне жеткенде арнайы қонақ – "Музарт" тобы келіп, арқалықтықтарға әннен шашу шашты.

Соңында түнгі Арқалық аспаны қызылды-жасылды отшашумен жарқырай түсті.



СУРЕТТЕРДЕ: Арқалық қаласының 60 жылдығына арналған шаралардан көріністер
Суреттерді түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Оралмандарды не алаңдатады?

Рудный қалалық мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамы базасында оралмандардың қатысуымен семинар-кездесу өтті. Олар көкейтесті мәселелерін ортаға салды.

Шара қалалық әкімдіктің ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында өткізіліп отыр. Жобаға "Оралмандардың қоғамдағы әлеуметтік интеграциясына бағытталған шараларды ұйымдастыру" атты тақырып қойылған. Мақсат – олардың мұң-мұқтажын тыңдап, кеңес беру. Жыл бұрын таяу шетелдерден кеншілер қаласына қоныс аударған қандастардың азаматтық алу, жәрдемақы рәсімдеу, жұмысқа орналасу, тұрғын үймен қамтылу төңірегіндегі өзекті сауалдарына жауап беру үшін мамандар шақыртылған. Атап айтқанда, олардың қатарында ХҚКО, ішкі саясат бөлімі, көші-қон по-

лициясы, жұмыспен қамту орталығы өкілдері болды.

Жыл басынан бері, көші-қон полициясының мәліметінше, Рудныйда 800-ден астам қандас ҚР азаматтығын алған. Олардың көбі – Өзбекстаннан көшіп келгендер. Бұрынырақта Қазақстанның толық құқылы азаматы болу үшін елде 4 жыл өмір сүруі міндетті, осы жылдың басынан бастап бұл шарт оңтайландырылды. Дей тұрғанмен Өзбекстаннан қоныс аударған оралмандарды алаңдатар мәселелер қатары әлі көп. Жиынға қатысқан көбінің әлі күнге дейін екі азаматтығы бар. Ал олардың Өзбекстан азаматтығынан шығуы үшін Алматыдағы елшілігіне баруы керек. Оңтүстік астанаға бару, ол жақта белгілі бір уақыт тұралау аз қаражат талап етпейді. Егер оралмандар отбасының көп балалы, үлкен әулетті екенін ескерсек, бұл шаруаның тындыру қалталарына ауыр соққы бола-

ды. Олар мұндай "қосмекенді" жағдайда жүргендіктен, баспана және қаржы мәселесінің күрмеуі шешілмей отыр, табысы тәуір жұмысқа орналасу да қиынға түседі. Ендеше, дипломы бола тұра жұмысқа қабылданбаса, қайтпек керек? Балалар жәрдемақысын қалай рәсімдесе болады? Осы және өзге де түйткілдер жиында алға тартылды. Мамандар мүмкіндігінше кеңес беріп, шешімін оңай табар жолдарды нұсқады, дегенмен, өкінішке қарай, көп нәрсе олардың қолында тұрған жоқ...

Оралмандардың қоғамдағы әлеуметтік интеграциясы жобасының үйлестірушілері алаң көңіл ағайынға мүгедектер қоғамы жанында осы жылдың аяғына дейін қоғамдық қабылдау жұмыс істейтінін айтты. Алдағы уақытта да оралмандар осында жүгініп, мамандардан кеңес ала алады.

Ж.БАЛҒЫНБЕКҰЛЫ.

Жұмысшы жастар жеңіске жетті

Қымбат ДОСЖАНОВА


Қостанай облысының жұмысшы жастары "WorldSkills Kazakhstan-2016" ұлттық чемпионатына қатысып, үздік бестіктің қатарынан көрінді.

Жұмысшы мамандығын меңгерген жастар 12-15 қыркүйек аралығында Астанада бас қосты. Еліміздің 16 өңірінен келген сан түрлі кәсіп иелері шеберліктерін сынады. Олар 15 түрлі қызмет бойынша бақ сынасты. Атап айтқанда, "Веб-құрастыру", "Электромонтаждау жұмысы", "Мектепке дейінгі тәрбие", "Ресторан сервисі", "Дәнекерлеу технологиясы", "IT-жүйесін басқару" және тағы да басқалары. Қостанай облысының құрамасы жалпы командалық есепте үздік бестіктің сапына қосылды. Жекелей алғанда, Қостанай политехникалық колледжі "Веб-құрастыру" бағытында 1-орын алса, Қостанай автомобиль көлігі колледжі IT-жүйесін басқару бойынша 2-орынға ие болды.

WorldSkills жобасына Қазақстан 2015 жылдан бастап қатысады. Ұлттық чемпионат елімізде биыл екінші мәрте ұйымдастырылып отыр.

● 100 НАҚТЫ ҚАДАМ

Судьялар съезінен күтеріміз көп



Ағымдағы жылдың қазан айында Қазақстан Республикасы судьяларының кезектен тыс VII съезі өткелі отыр. Бұл жолғы жиынды да судьялар қауымы ерекше ықыласпен, жаңа серпіліспен күтуде. Осыған дейінгі өткен съездерге Елбасымыз тікелей өзі қатысып, соттардың жұмысына баға беріп, судьялардың материалдық-әлеуметтік жағдайын жақсарту іс-шаралары туралы айтып, жұмыстарының бағыттарын айқындап берген болатын. Президент сот жүйесінің қалыптасуына, дамуына, судьялардың материалдық және әлеуметтік қамсыздандырылуын жоғары дәрежеге көтеру мәселелеріне үнемі көңіл бөліп, ықпал етуде. Осы уақытқа дейін съезде берілген тапсырмаларды өз деңгейінде орындау мақсатында еліміздің соттарында кешенді жұмыстар жүргізілді деп ауыз толтырып айтуға болады.

Жалпы, "100 нақты қадам" Ұлт жоспарында да заң үстемдігін қамтамасыз етуге үлкен көңіл бөлінген. Маңызды құжатта азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету үшін сот жүйесі инстанцияларын оңтайландыру, судья лауазымына кандидаттарды іріктеу тетіктерін көбейту және біліктілік талаптарын қатайту сияқты көптеген міндеттер қойылған. Осыған орай, бүгінде елімізде сот саласын жетілдіруге байланысты көптеген іс-шаралардың атқарылып жатқаны да белгілі. Мәселен, сот құқығына рұқсат алуды жеңілдету үшін сот инстанциялары тимді етілді, сот мәжілісінде міндетті аудиобейнефиксация енгізілді, алқа билердің қатысуымен сотта қаралатын істердің соттылығы кеңейтілді. Сот қызметіне үміткерлерді таңдау механизмі және біліктілік талаптары да күшейтілді. Үміткерлердің талаптары күшеюімен қоса, олардың дайындалу тәртібі де өзгертілді. Судья болу үшін, үміткерде екі нұсқа бар – біліктілік емтиханы және тағылымдама немесе мамандандырылған магистратурада екі жылдық курсты оқу. Сондай-ақ, біліктілік емтиханынан өту тәртібі өзгертілген. Процедура 3 кезеңнен тұрады: үміткердің қолданыстағы заңнаманы білу деңгейін тексеру шеңберінде компьютерлік тестілеу, билет бойынша ауызша емтихан және психологиялық тестілеу.

Судьялардың кезектен тыс съезінде жаңа сот этикасы Кодексінің қабылдануы жоспарлануда. Аталған Кодекс жобасы ҚР Конституциясына, ҚР "Сот жүйесі және Қазақстан Республикасы судьяларының мәртебесі туралы" Конституциялық Заңына, БҰҰ Бас Ассамблеясының "Сот органдары

тәуелсіздігінің басты принциптері" Резолюциясына, Бангалорлық принциптеріне сәйкес, қолданыстағы және отставкаға шыққан соттар үшін тәртіптік этикалық стандартын айқындайды. Оның негізінде даусыз шындықтар жатыр: судья өзінің кәсіби қызметінде немесе қызметтен тыс заңды сақтауға, сот этика Кодексінің жалпы қабылданған моральдық нормаларды сақтауға, заңға және арқытына сәйкес шешім қабылдауға міндетті. Аталған Кодекстің қабылдануы біздің мемлекетіміздің жаңа жетістіктеріне жетуге маңызды қадам болады. Еліміздегі сот қоғамдастығының интеграциясындағы сот жүйесі әлемдік құқықтық жүйеде оңтайлы көрініс табады, оны одан әрі күшейтеді.

2015 жылдан бастап Қостанай гарнизонының әскери сотында республиканың барлық сотындағыдай жаңа технологиялар белсенді енгізілуде, сот кеңсесінің жұмысын біршама жеңілдеткен "Төрелік" біркелкі автоматтық ақпараттық-сараптамалық жүйесі қолданылуда, әскери сот ғимаратында өткізілетін барлық процестер аудиобейнефиксация құрылғысының қолданылуымен өткізіледі.

Қостанай гарнизонының әскери сотында барлық қалаушылардың сот жұмысының тәртібімен, қаралатын істердің кестесімен таныса алатын өзіндік ресми сайты бар. Әскери соттың электрондық мекен-жайын қолдана отыра, әскери қызметшілер электрондық түрде талап арызбен немесе шағыммен жүгіне алады. Әскери соттың барлық сот актілері судьялардың электрондық-цифрлік қолтаңбасымен бұрыштама қойылады. Қазіргі таңда "Төрелік" ақпараттық-сараптамалық жүйесі арқылы сот процесіне қатысушыларға СМС жолдау жолымен хабарлама жолдауға мүмкіндік туды.

Әскери қызметкерлермен жасалатын кылмыстардың да саны жылдан-жылға төмендеуде. Сонымен қатар, сотқа соңғы жылдары әскери қызметкерлердің әскери қызметтен өтуге, құзырлы және әскери органдардың бөлімдеріндегі тұлғалардың заңсыз істеріне байланысты талап арыздары келіп түсу саны көбеюде, бұл жағдай әскери сот құқығы сенімінің көтерілуіне, сондай-ақ сотқа жүгіну тәртібінің жеңілденгеніне куәлік етіп отыр.

Сот жұмысына автоматтандырылған электрондық технологияның енгізілуі – сотта тараптардың қорғануына және өзінің құқығын қайта қалпына келтіру үшін арыздың тәртібін күмәнсіз жеңілдетті, соттың жұмыс уақытын үнемдеуге және имидждің оңтайлы көтерілуіне және мемлекетіміздегі сот органына деген азаматтардың сенімін көтеруге себепші болатынын көрсетіп отыр. Сот жүйесі инновациялық технологиясы енгізілгеннің арқасында одан әрі ашылды және айқындалды.

Соттардың кезектен тыс съезінде біздің мемлекетіміздің басшысымен республикамыздағы судьялар корпусының алдында жаңадан маңызды мәселелер қойылатын болады, біздің мемлекетіміздегі сот жүйесінің имиджін жаңа деңгейге көтереді. Республикамыздағы сот корпусарымен сот билігінің абыройын, қоғам тарапынан сенім деңгейін көтеру үшін барлық жұмыстар жасалатын болады деп сеніммен айтуға болады.

М.АМАНЖОЛОВ
Қостанай гарнизоны әскери сотының судьясы.



ЕЛБАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕ СЕНІМІНЕ ИЕ ҚҰРЫЛЫМ

Мемлекет Басшысының Жарлығымен Президенттің күзет қызметін және Республикалық Ұланды қосу арқылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі құрылды. Мемлекеттік күзет қызметі – Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін күштерге жататын, Елбасына тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы мемлекеттік орган.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің құрылымына нысандарды қорғау қызметі кіреді, ол әскери құрылым болып табылады. Қызметтің нағыз жауынгерлік қанатына Тұңғыш Президент – Елбасының, басқа да күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; ҚР Мемлекеттік Туының және ҚР Мемлекеттік Елтаңбасының эталондарын күзетуді жүзеге асыру; рәсімдік және протоколдық іс-шараларды және Мемлекет басшысы айқындауы мүмкін өзге де міндеттерді орындауға қатысу бойынша ерекше миссия жүктелген.

Жылына екі рет Мемлекеттік күзет қызметі өзінің қатарын барлық облыстардан келетін бозбалалармен толықтырады. Мемлекеттік күзет қызметінің әскери бөлімшелеріне іріктеу басымды, мұқият және қатаң болып табылады. Үміткерлермен Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерге жіберілген офицерлер әңгімелесу жүргізеді. Әңгімелесу барысында барлығы анықталады: оқу және жұмыс орындарынан мінездеме, әскерге шақырылушының қарым-қатынас ортасы, қызығушылығы мен бейімділігі, 180 см кем емес болуы тиіс бойы, медициналық деректері ескеріледі.

Отанға деген адалдығы мен берілгендігі, батылдығы, қысылтаяң жағдайда өз бетімен шешім қабылдай алуы, тәртіптілігі мен қырағылығы айқын көрінетіндерге басымдық беріледі. Бұл жерде моральдық жағынан орнықты, дене күші жағынан шыдамды,

әскери қызметке психологиялық тұрғыдан дайындалған бозбалалар қызмет өткереді.

Шақырылған сарбаздар жас жауынгер курсынан өтеді. Оқу бағдарламасына әскери дайындықтың негізгі пәндері енгізілген және олар әскери қызметшілерді жан-жақты дайындауға бағытталған. Әскери ант қабылдағаннан кейін мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер әскери бөлімдерге таратылады. Әскери қызмет өткеру кезеңінде әскери қызметшілер төзімділікке тексеруден өтеді, өйткені күзетілетін адамдардың және біздің еліміздің стратегиялық объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі атқаратын міндеттер ерекше жауаптылықты талап етеді.

Мерзімді қызметті өткергеннен кейін запасқа шығарылатын әскери қызметшілердің көбісі келісімшарт негізінде әскери қызметті жалғастыруға ниет білдіретіні қуанышты жағдай екенін атап өткен жөн. Келісімшарт бойынша әскери қызметке қалған әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінде қызмет бабында өсуге мүмкіндік бар, сондай-ақ толық әлеуметтік пакет беріледі, ал ол дегеніміз: тұрғын үймен, тегін медициналық қызметтермен, жоғары оқу орындарында оқуға 50% жеңілдікпен және т.б. қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттің тиімділігін одан әрі арттыруды, жоғары білікті мамандармен жасақтауды және кадрлық саясаттың ашықтылық принципін жетілдіруді өзінің мақсаты етіп қояды, бұл ретте элиталық мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының Президенті ерекше тапсырмаларды орындауды міндеттегенін атап өткен жөн.

ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің
Объектілерді қорғау қызметінің
Жедел басқармасы.

● ДЕРЕК

Қостанай облысындағы тұрғын үй құрылысы

2016 жылғы қаңтар-тамызда облыс аумағында жалпы алаңы 145975 шаршы метр (1086 пәтер) тұрғын үйлер тұрғызылды, бұл 2015 жылғы қаңтар-тамызға 91,3% құрды.

2016 жылғы қаңтар-тамызда тұрғын үй құрылысына инвестицияның 11958,1 млн. теңгесі бағытталды, бұл 2015 жылғы қаңтар-тамыздан 4,1%-ға жоғары. Тұрғын үй құрылысы инвестицияларының негізгі капиталға

салынған инвестициялардың жалпы көлеміндегі үлесі 11,8% құрады.

Тұрғын үйлерді пайдалануға беру Арқалық қ.ә. (3,8 есе) және Ұзынкөл ауданында (30,4%) едәуір өсті.

Салынған тұрғын үйлер көлемінің ең үлкен көлемі Қостанай қаласында (91712 шаршы метр немесе пайдалануға берілген тұрғын үйлер жалпы көлемінен 62,8%) пайдалануға берілді.

2016 жылғы қаңтар-тамызда тұрғын үй құрылысының 1 шар-



шы метрінің орташа нақты шығындары 85,2 мың теңгені құрады. Тұрғын үй құрылысының 1 шаршы метрінің ең жоғары орташа нақты шығындары Арқалық қ.ә. (106,7 мың теңге), Қарасу ауданында (98,7 мың теңге), Рудный қ.ә. (93,5 мың теңге) және Қостанай қаласында (92,3 мың теңге) қалыптасты.

Жастар

Жастарға арналған қосымша № 10 (101)



Астана қаласындағы "Жастар" сарайында өткен "Қазақстан КВН Одағы" РЖҚБ "Жастар" жазғы фестивалінің "Жайдарман барысы-2016" сайысында арқалықтық "Спортфак" командасының ойыншысы Нұрқадір Әбдіқадір бас жүлдені жеңіп алды.

Жерлесіміз жеңімпаз!

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан-2030" бағдарламасындағы ұзақ мерзімді басымдықтың бірі – "Мемлекетіміздегі азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты тармағында" және кезекті Жолдауында денешынықтыру мен спортты дамытуға айрықша көңіл бөлу қажеттілігі көрсетілген.

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Жалпы, жастар арасында салауатты өмірді, сонымен қатар ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында қолға алынған "Жайдарман барысы" республикалық деңгейде екінші рет өткізіліп отыр.

Ел аймақтарынан келген жайдарманшылар арасынан іріктеліп алынған 16 үміткер қатысқан сайыста жерлесіміз 15-інші нөмірмен "Б" тобында өнер көрсетіп, жартылай финалда Атырау, финалда Алматы қалаларының палуандарын жеңді. Сайысқа қатысушылар ішінде спорт шебері және оған үміткерлер де болған. Арасында салмағы 130 келілік палуан да кездескен. Нұрқадірдің өзінің таза салмағы 74 келі. Күрес барысында 109 келі салмақтағы қарсыласын да тізе бүктірген.

Сайысқа Қазақ күресі федерациясынан арнайы төрешілері келіп, сайыстың әділ, әрі дұрыс өтуіне үлес қосты. Шараға арнайы қонақ ретінде шақырылған "Қазақстан барысы-2014" титулының иегері Мұхит Тұрсынов "Жайдарман барысы-2016" жеңімпазының беліне осы сайысқа арнайы жасалған белбеуді өз қолымен тақты.

Жерлесіміздің жетістігін "Қазақстан" ұлттық арнасы "Таңшолпан" бағдарламасында сүйіншілеп, Қазақстан КВН Одағының редакторы Рүстем Омаров пен "Жайдарман барысы" Нұрқадір Әбдіқадір көрсетілімнің құрметті қонағы болған.

– Тікелей эфирден де үлкен әсер алдым. Еліміздің түкпір-



түкпірінен отандастарымыз тілектерін білдіріп жатты, – дейді жерлесіміз.

Жеңімпазды жақынырақ таныстыра кетсек, Нұрқадір Әбдіқадір Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының "Дене шынықтыру

мәдениеті және спорт" кафедрасының IV курс студенті. Жанкелдин ауданының Торғай селосында дүниеге келген. Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебін бітірген. Төртінші сыныптан бастап аудандағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде

шұғылданаған. Алғашқы жаттықтырушысы Әлібек Қарсақбайұлы Бірмағанбетов.

Қазір қаладағы "Қайрат" спорт кешенінде жаттығады. Бапкерлері қазақша күрестен спорт шеберлері Азамат Ерәділов пен Сайлау Рыздықов.

Нұрқадір – белгілі журналист, ҚР Журналистер Одағының мүшесі Мылтықбай Смағұловтың бел баласы. Анасы Салтанат Серікқызы денсаулық сақтау саласының ардагері. Отбасында үш бала тәрбиеленген. Әпкесі Гүлім Смағұл – аудандық "Біздің Торғай" газетінің бас редакторы, ағасы Нұрәділ Смағұл – аудандық аурухананың эпидемиологиялық дәрігері.

Нұрқадір әкесінің тауып қойған атына дән разы. Аттас адамдар жиі кезігіп жатады. Ал, Нұрқадір болса өз аттасын әлі күнге кездестіріп көрмегенін айтады. "Нұр – нұрлы болсын, қадір – қадірлі болсын деп ырымдап қойған деп ойлаймын. Хадисте: "Қадір түнінде қабыл болған намаз 87 жыл намаз оқығанмен бірдей делінген", – дейді өнерлі жас өз есімі жайлы ағынан ақтарылып.

Сондай-ақ, жастарды өнер мен білімге, спортқа баулып, ұдайы қамқорлық жасап, ақыл-кеңестерін айтып жүретін жанашыр ұстаз-бапкерлерінің қатарында: Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының "Тарих және өнер" факультетінің деканы, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Гүлбаршын Спанқызына және осы факультеттің "Дене мәдениеті және спорт" кафедрасының меңгерушісі Гүлфия Надимқызына, "Қайрат" спорт кешенінің директоры Рүстем Шалабаевқа шексіз алғысын білдіреді.

Арқалық қаласы.



“СЕРПІН-2050”



Білім және болашаққа сенім

"Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" – "Серпін-2050" әлеуметтік жобасы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың "Қазақстан-2050" стратегиясында айқындалған басымдықтарды жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралардың легіне кіреді. Стратегияға сәйкес дамыған 30 елдің қатарына қосылу үшін білікті мамандар даярлау мәселесі өзекті болмақ. Осыған орай Қазақстан Республикасы Үкіметі жастар мәселесіне арнап "Мәңгілік ел жастары-индустрияға!" әлеуметтік жобасын ұсынған болатын. Бұл жоба "Серпін-2050" деп аталады.

2014 жылы "Мәңгілік ел жастары – индустрияға" – "Серпін-2050" әлеуметтік жобасы бойынша 2050 талапкер оқуға түссе, 2015 жылы әлеуметтік жобаға бөлінген арнайы грант 3-есеге өсіп, 6200-ге жетті. Олардың 5000 орыны 19 жоғары оқу орындарындағы 61 мамандық

бойынша бөлініп, 1200 орыны 36 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына (колледж) 47 мамандық бойынша берілді.

2016-2017 жылдары бағдарламаға 22 жоғары оқу орыны, 32 кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдары қатысты. Бағдарламаның жүзеге асырылып жатқанына да екі жылға жуық уақыт болып қалды. Ел жастары осындай қолдаудың арқасында өзі қалаған оқу орнына түсіп, болашағын айқын бағдарлайтындай мүмкіндік алды. Сонымен қатар, кәсіби білікті маман тапшылығын жойып, жұмыссыз жастарды қызметке орналастыруға да бұл бағдарламаның берері мол. Жыл сайын Қостанайға оңтүстік өңірлерден жүзден астам жеткіншек келеді. Олар мемлекет көрсетіп жатқан қолдаудың арқасында тегін білім алып, жастық шағының

қызықты кездерін Қостанай қаласында өткізуде.

Тобыл өңіріне табан тірегендердің бірі қала жайын біліп келсе, енді бірі ойламаған жерден осы жаққа қоныс аударғанын айтады. Оқу үшін орын ауыстырғандар жергілікті жұртшылықтың менталитеті мен ауа-райының айырмашылығын бірден байқапты. Оңтүстіктік жастар астықты аймақтың салқындығын адамдарының жылы шырайлығы мен сыпайылығының басып тұрғанын айтады. Сондай-ақ, жастар қаланың тыныштығы мен тазалығына тәнті. Ең бастысы, оқуға бар жағдай жасалынып қойған, кітапхана да, жатақхана да институттың дәл жанында. "Серпін" бағдарламасына дән ризамыз" – деген пікірлер көптеп естіледі. Қостанай әрқашан "Серпіндіктердің" өмірінде ерекше орын алған қала болып қала бермек.

ҚОСТАНАЙ -

жастық шағымның қаласы



**Несінбек
МАДИЯР:**

Мен Қостанай қаласына былтыр оқуға түстім. Алғашқыда қиын болды. Ешкімді танымайтынмын, ата-анамды және достарымды сағынатынмын. Ал қазір бәрі ойдағыдай. Оқуым жақсы, бұл жақтан өзіме адал достар таптым, бәріміз бір

үйдің баласындаймыз. Жатаханамыздағы жағдайымыз жаман емес, шәкіртақы да уақытынан кешікпей түседі. Қостанай – керемет қала, мен бұл қалада оқып жатқанымға өкінбеймін.



**Қарлығаш
СҮЛТАН:**

Қостанай – әкем қалап, өтініш жаздырған бірден-бір қала. Өзінің тазалығымен әрі жанға жайлы ты-



ныштығымен жағатын туған қалам – Жетісайды есіме салады десем де болады. "Серпін" бағдарламасының арқасында осы жаққа келгеніме қуаныштымын. Болашақта жақсы маман болып, мемлекет игілігіне қызмет ету менің басты арманым.

**Карим
ОҒАЛБАЕВА:**

"Серпін-2050" бағдарламасымен білім алып жатқаным биыл үшінші жыл. Бұл бағдарламаның біз сияқты жастарға берері мол деп ойлаймын. Бағдарламаның басты мақсаты кадр алмастыру болғандықтан, Қостанай қаласында қалып, тәжірибе жинап, елімнің гүлденуі үшін жұмыс істесем деймін.




Айдана ПЕРНЕБЕК:

"Серпін-2050" бағдарламасы еліміз жүзеге асырып жатқан жақсы бағдарламалардың бірі. Басында бұл бағдарлама жайлы білмеген соң, әр жерден қарай бастадым. Шынымен де бұл бағдарлама еліміздің терістігі мен түстігінің арасындағы



теңдіктің сақталуына көп көмегін тигізеді екен. Мен оқуға қабылданған жылдары көшедегілердің өзге тілде сөйлесіп бара жатқандарын жиі естіп, шошынатынмын. Қазір ана тілімізде сөйлесетіндерді жиі көремін. Бұл – мен үшін үлкен қуаныш. Болашақта осы аймақта ана тілімізді көркейтер жастар көбейеріне сенімдімін.



**Назгүл БА-
ҚЫТХАНҚЫЗЫ:**

Қазіргі таңда "Серпін-2050" бағдарламасы жастарға үлкен сенім мен серпіліс беріп жатыр. Бұл бағдарлама негізінде солтүстік пен оңтүстік өлкелерінде тіл жағынан болсын, рухани жағынан болсын



байланыс орнатылуда. Осы аймақта ұйымдастырылатын іс-шараларға белсене араласып жүрген серпіндіктер мәдениет саласында біраз жобаларды жүзеге асыруды ойластырып жүр. "Серпін" жастары өзімізге артылған міндетті көтеріп, аянбай еңбек етеміз.

болдым. Қостанай таза әрі тыныш қала екен. Маған осынысымен ұнады. Ең бастысы, маған осы жақтан тегін оқу мүмкіндігі беріліп отыр. Қостанай – менің жастық шағымның қаласына айналды!

Гүлнара МАМАТҚАДЫР:

Қостанай алғашында маған суық қала боп көрінген еді, ал қазір үйренісіп кеттім. Адамдарының да жылы шырайлы, кішіпейіл екеніне көзім жетті. Атаанамды, бауырларымды жиі сағынсам да бұл жақта оқып жатқаным ешқашан мұңайған емеспін. Себебі, осы жақтан өзіме көп дос таптым. Бұл өлкеден талай ғалымдар түлеп ұшқан. Мен болашақта білікті маман болатыным сенімдімін.

С.ЖАҚСЫЛЫҚ,
"Қостанай таңының"
жас тілшісі.

**Аяулым
ӘБІЛДАЕВА:**

Қостанайға оқуға түскендегі қуанышты сезімімді сөзбен айттып жеткізе алмаймын... Сырттай естігенім болмаса, Қостанай өмірі келіп көрген жерім емес. Бірде-бір туысым немесе танысым жоқ. Поездан түскенде құдды өзге елге келгендей әсерде

**Ақниет
СЕРІКБАЙ:**

Қостанайдың мен үшін орны бөлек. Студенттік кезеңнің алғашқы ыстық-суығына төзіп, білім алып келе жатқан қалам. Бұл қалаға келу арқылы мен халқының мейірбандылығын көрдім, жаңа достар тауып, осы әдебиетке деген қызығушылығымды тағы да арттыра алдым. Мен Ыбырай, Мағжан, Бейімбеттер өмірге келген мекенде оқып жүргеніме қуаныштымын.

Жастар мәселесі қаралды

"Жұмыс істегісі келгендердің бәрі жұмыс табады және бір емес, екі жұмыс тауып, еңбекақы алу мүмкіндігі бар. Тек ниет болуы керек".

Н. Ә. НАЗАРБАЕВ.

**Руслан
ӘЛКЕЕВ**

Жақында Тимирязев ауылдық округінің әкімдігінде облыстық жастар саясаты жөніндегі басқармасының қатысуымен аудан әкімдігінің жанындағы жастар істері жөніндегі кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті.

Күн тәртібінде үш мәселе қаралды. Алғашқысы – "Әлеуметтік кәсіпкерлік". "Бизнесің жол картасы–2020" бағдарламалары аясында жастар кәсіпкерлігін дамыту туралы" болды. Бұл жайында Сарыкөл ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі және

жастар кәсіпкерлік клубы баяндама жасады. Спикерлер жастар ұйымдары мен мемлекеттік органдар бірігіп, жастар әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту керектігін айтты. Жастар кәсіпкерлік клубының басшысы, жас кәсіпкер Нұрлан Қажиев жаңа оқу жылы іске асырылатын мектептегі жастар кәсіпкерлігі қызметі жайындағы жоспарларымен бөлісті.

Жастарды жұмыспен қамту мәселелері және оларды шешу жолдары туралы, жұмыссыздар тізімі мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған жастармен жұмыс барысы са-



раптама қорытындысы бойынша жастар ресурстік орталығы жанындағы жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі жауапты қызметкер Әсел Мәзенова баяндады. Сонымен қатар осы мәселе бойынша Тәгіл, Краснознамен және Севастополь ауылдық округ әкімдері сөз сөйлеп, ауылдық округтерде атқарылып жатқан жұ-

мыстар жайында, жұмыспен қамтылған жастар және ауыл шаруашылығы отрядтарының қызметі туралы баяндады.

Соңғы сұрақ бойынша жастар ресурстік орталығының директоры Елена Данилова мәлімдеді. Ол қазіргі таңда Қазақстан Республикасында өзекті мәселе жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жайында қозғады. Бұл мәселе бойынша негізгі жұмыс пікірталас клуб арқылы жүргізіліп, онда қатысушылар сыбайлас жемқорлық мәселелерін, экстремизм мен терроризм және басқа да проблемаларды талқылауға қатысты.

Қорытындысында Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты жөніндегі басқармасының өкілі Ақмарал Құрманова Сарыкөл ауданы ауылшаруашылық жасағы және жас кәсіпкерлер мектебі секілді жаңа жобалар мен көптеген қызықты бастамалар орталығы болып табылатындығын атап өтті.

Сарыкөл ауданы.

Жоба басталды

Еліміздің барлық аймағында ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып жүзеге асырылатын "Жастар кадрлық резерві" жобасы бастау алды. "Жас Отан" жастар қанатының бастамасымен жүзеге асқан жоба еліміздің алдында тұрған өршіл міндеттерді шешуге, белсенді жастарды тартуға бағытталған. Жастар кадрлық резерві – бұл қызметтік өсуге ынталы, кәсіби дағдылар мен басқару біліктіліктерінің жоғары деңгейіне ие мамандардың республикалық деректер базасы.

"Нұр Отан" партиясы Қостанай облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғазиз Бекмұхамедов жобаның мақсатын түсіндірді.

– Заманауи және тиімді басқарушылар шоғырын қалыптастыру – басты мақсат. Ал міндеттеріне тоқталар болсақ, өзін-өзі дамытуға, өз саласында сапалы нәтижелерге ынталы жас басқарушыларды анықтау, іріктеу, даярлау және оқыту, кәсіби өсуі үшін қажетті жағдайлар жасау, алдыңғы қатарлы оқыту технологияларына негізделген кадрлық резервті даярлаудың тиімді жүйесін қалыптастыру, – деді Ғазиз Бекмұхамедов.

"Жастар кадрлық резерві" Қостанайдағы жобасына бұл жолы 9 адам қатысты, енді оның біреуі ғана келесі кезеңге өтеді.

Сералы МЫРЗАБАЙ,
А.Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай мемлекеттік
университетінің 3-курс студенті.

**Қуаныш
ЕСҚАБЫЛ**

Рудный қаласының №2 гимназиясында "Батареяны тапсыр да – кірпіні құтқар!", "Бума қағаз" деген атаумен кең ауқымды экологиялық акция өтті. Жастардың ресурстық орталығы ұйымдастырған бұл шараға қаламыздың барлық білім ордаларының оқушылары қатысып, қоршаған ортаның жағдайына немқұрайлы қарамайтындықтарын іс жүзінде дәлелдеді.

Кеншілер қаласының экологиясын қорғауға мықтап кіріскен белсенді ұйымның бұл әрекетіне "Жарайсың!" дегің келеді. Бұдан бұрын да олар Тобыл өзенінің жағалауын күл-қоқыс, шөп-шаламнан тазартып, Железородная стансасы мен Сарыбай кенішінің аумағына ағаштың түр-түрін отырғызған болатын. Бүгін, міне, кезек күнделікті қолданылатын қуат көздеріне де келіп жетті.

Акцияның ашылу салтанатында орталықтың жетекшісі Максим Фролов:

– Бүгінгі шараның қала өмірінде

Қуат көзінің кесірі

алатын орны ерекше. Себебі, біз күн сайын тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдімгі батареяларды да қоқысқа төгіп жатамыз. Бұл экологиялық тұрғыдан дұрыс емес. Бармақтай ғана батареяға 20 шаршы метр топырақты немесе 400 литр суды ластайды. Бұл табиғаттағы бір кірпінің өмір сүру ортасы екенін ұмытпайық, – дей келе, шараға жиналған жастарды белсенділікке шақырды.

Акция барысында мектеп пен колледж оқушылары өздерімен бірге әкелген батареяларды арнайы жәшіктерге салса, бума-бума қағаздарды өлшеп, орталықтың еріктілеріне тапсырып жатты.

Әзірге жастар 100 келідей ескі газет-журналдарын тапсырып, осы арқылы табиғаттағы 1 ағашты кесуден құтқарды. Акцияға қолдау көрсетушілердің қатарында "ССКӨБ" АҚ да бар.

– Біз жастардың осындай бастамаларына алғыс айтамыз және кез келген көмекті көрсетуге әрдайым дайынбыз. Ортақ үйіміз – Рудныйдың экологиясын қаз-қалпында сақтап, оның ластануына жол бермеу – баршаға



ортақ іс деп ойлаймын. Акциядан жинаған батареяларды арнайы әдістермен көзін жойып, макулатураны өткізуден түскен қаржыға әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың оқушыларына мектепке қажетті жабдықтарын алып береміз, – дейді кен алыбының экологы Асхат Түгелбаев.

Қыркүйектің 30-на дейін жалғасатын акцияға кез келген адам қатыса алады. Ол үшін істен шыққан қуат көздері мен макулатураны жақын маңдағы мектептің әкімшілігіне апарып тапсыру шарт. Экология – бір күннің, бір адамның ісі емес. Сондықтан оны қорғауға қоғам болып атсалысайық, ағайын!



Тұрмысымды
түзетемін деген
жан ебін табады.
Тырбанып еңбек
етеді, талпынады.

Біздің бүгінгі
кейіпкеріміз Айбек
Таңатбаев бүгінде жас кәсіпкер
ретінде ісін бастап жүрген жас.
Жертөледен дүкен жасап, жоқтан
барды шығарған.

АЙБЕК отбасында шал-
қып өмір сүрген жан
емес. Бірақ ес білгелі
көштен қалмаймын, ешкім-
нен кем емеспін деп келеді.
Сүйеп тұрған ешкімі болмаса
да үнемі мөттақам, жинақы,
әр іске жауапты болатын. 9
сыныпты бітіре салысымен

жоқ. Қайтсе де отбасыма
көмектесем, бауырларым
жетіліп кетсе деген ойда бол-
ды.

Жастың бәрі мамандық
иесі атанған соң белгілі бір
салада еңбек еткісі келеді.
Бірақ дайын тұрған орын
жоқ. Ал оны күтетін Айбекте



сынов атындағы универси-
тетінің "құқықтану" маман-
дығын сырттай бітіріп те ал-
дым. Бұл мамандық алдағы
уақытта кәсіпкерлігім ұлғай-
ып, дамып жатса кедеге асар
деген ойдамын. Заңды білу
керек, – деп жымыды Айбек.

Айбектің қолы ашық. Өзі
әлі аяқтан тік тұрып кетпесе
де барынша көмек беруге әзір
тұрады. Дүкенінде авто-
сақтандыру, техникалық
байқау, сервистік қызмет
көрсету де бар. Аудандық
жұмыспен қамту орталығы
арқылы екі адам жұмысқа ор-
наласты. Соның біреуін
тұрақты жұмысқа қабылда-
ды.

– Егер байып кетіп жатсам
ең алдымен туған ауылымды
көркейтуге атсалысар едім, –
дейді. – Мен жас болсам да әр
тиынның қадірін білемін.
Себебі, мені ешкім асыраған

Айбектің "Болашағы"

А.Иманов атындағы мемори-
алдық музейде жұмыскер бо-
лып жұмыс істеді. Одан әрі
Науырзым ауданындағы
кәсіптік-техникалық лицей-
ге оқуға түсіп, оқып жүріп те
еңбекке араласты. Ол жалпы
табиғатынан пысық жігіт.

уақыт жоқ. Қайтсе де еңбек
етіп, қаражат табуы қажет.

– Маған бос отыруға бол-
майды, табыс тауып, анам-
ды, бауырларымды асырау-
ым керек. Ауылда жұмыс
жоқ деп отырмадым, Қоста-
най қаласындағы құс ферма-

**"Қазақстан-2050" стратегиясында
кәсіпкерлікті ұлттық экономиканың жетекші
күші ретінде жан-жақты қолдау әрі шағын
және орта бизнестің экономикадағы үлесін
2030 жылға қарай екі есеге арттыру міндеті
қойылды. Ал, Елбасының биылғы
Жолдауында бизнесті дамытуға кедергі
келтіретін барлық енжар құқықтық
нормалардың күшін жою және шағын бизнес
ұрпақтан-ұрпаққа берілетін отбасы дәстүріне
айналуға тиіс екендігі айтылды.**



Аудандық газетте тілші бо-
лып, қолына қалам ұстап, ма-
қала жазатын. Бұл іс өзіне де
ұнайтын. Оқуды үздік
аяқтап, туған жері Аман-
келді ауданына қайта орал-
ды. Қолға алмаған жұмысы

сынан ең алғаш 5000 теңгеге
жұмыртқа әкеліп саудаға
шығардым. Одан қалды ак-
тив орталығына диллер бо-
лып актив бірліктерін сат-
тым. Не керек, дамыл
көрмедім. Аздаған тиын-те-

бенімнің басын құрап тұр-
мыстық заттар әкеліп, дала-
да тұрып сауда да жасай баста-
дым. Суыққа тоңып, ыс-
тыққа күйдім. "Көшеде зат
сатуға болмайды" деп бізді
қуғандар, одан қалды небір
құжат талап еткендердің
қарасы аз болмады ғой. Қар-
шадай басыммен соның
бөріне шыдадым. Сөйтіп
жүріп өзім тұрып жатқан
үйімнің жертөлесін ретке
келтіріп, дүкен қылсам
қалай болар екен деп те ойла-
дым. "Жалғыздың үні шық-
пас" деген рас екен. Жалғыз
өзім, жанашыр ешкімім жоқ.

Маған көмек керек болды.
Ашық хат жолдап, аудан
әкімінің қабылдауына жа-
зылдым. Сол кездегі аудан
әкімі Ж.Қоңыртауылы мені
жас демеді, жылы қабылдап,
бағыт-бағдар беріп, жөн
сілтеді. Дүкенді заңдастыру
құжаттары мәселесі тез ара-
да шешілді. Жертөледе сауда
үйін ашу құжаттарын
рәсімдеуде кейбір билік
өкілдері қысым көрсеткен бо-
латын. Аудан әкімінің қам-
қорлығының арқасында

қиындықтар артта қалып,
дүкенімді ашып, саудамды
алаңсыз жасауыма жағдай
жасалды. Мұндайда билік та-
рапынан жастарға қолдау ке-
рек екен, – деп еске алады.

Айбектің ашқан дүкенін
алғашында "жертөле дүкен"
деп менсінбегендер де болып-
ты. Қиындықтың көкесін істі
қолға алғанда сезген ол
бөріне төзуге бел буады. Оңай-
лықпен нан аузыңа келіп
түспейтіні анық. Алайда,
қазіргі таңда келушілер өте
көп. Арнайы тапсырыс бере-
тіндер де табылып жатады.

– Біздің маңайда сауда
нүктелері көп. Соған қара-
мастан келген жанға қолым-
нан келгенше мінсіз қыз-
мет көрсетуге тырысамын.
Тұрмыстық заттар болған
соң ба, сұраныс көп. Осы
еңбегімнің арқасында Қоста-
най қаласындағы А.Байтұр-

жақ. Еңбек ету керек. Жас-
тарға қазір қолдау көп.
"Еңбек етсең ерінбей, тояды
қарның тіленбей" деп Абай
атамыз айтып кетті емес пе?!
Елбасының өзі кәсіпкерлік
саласына кең қолдау көрсетіп
жатыр. Ең бастысы еңбекқор
болу керек. Жақсы бизнес-
жоспар болса, жергілікті
жұмыспен қамту орталықта-
ры арқылы арзандатылған
несие алуға болады. Жалпы
біздің ауданда басқа аудан-
дарға қарағанда кәсіпкерлік-
пен айналысып жүрген жас-
тар көп. Қазір мемлекет тара-
пынан кәсіпкерлерге қолдау
ретінде арнаулы гранттар да
бар. Жақсы жобан болса
бизнесті қаржыландырады.
Бірақ ол ауылдық жерде жы-
лына 1-ақ рет болады. Осын-
дай гранттар мемлекет тара-
пынан шалғай жатқан ауыл-
дық жерлерге көптеп бөлінсе
нұр үстіне нұр болар еді.

Айбек тәуелсіздіктің
құрдасы. Елдің дамуымен
қоса, ол да қолынан
келгенше өсіп, өркендеп
келеді. Ең бастысы ол
өзінің болашағына
сенімді. Сол себепті де
бір кездері әлдекімдер
менсінбеген "жертөле
дүкенін" "Болашақ" деп
атапты. Ендеше
тәуелсіздік құрдасына
"Болашақтың" келешегі
жарқын болуына
тілектеспіз.



**Жастар қосымшасының
редакторы
Айтолқын АЙҚАДАМОВА**

● "ЕҢБЕК ҚОҒАМЫНА ҚАРАЙ 20 ҚАДАМ"

Еңбеккерлер ауылды асқақтатты

Руслан
ӘЛКЕЕВ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам атты мақаласында: "...Бұл жерде ешқандай өзіндік идеология ойлап шығарылмайды. Ақыр аяғында, әлемдік өркениеттің барлық құндылықтары, барлық экономикалық және мәдени байлықтар виртуалды қаржы институттарымен емес, адамның еңбегімен жасалады.

Сондықтан біздің әлеуметтік жаңғырту саясатының негізіне шынайы өндірістік еңбекті қоюға тиіспіз" – деген еді.



Елбасы атап өткендей, қанша жыл өтсе де ұмытылмайтын еңбек жолынан өткен жандардың есімін ұлықтау мақсатында "Сарыкөл ауданының Еңбек даңқы кітабы" эстафетасы биыл қолға алынған болатын. Бұл, бір жағынан қос мереке – Тәуелсіздіктің 25 жылдығы мен облыстың 80 жылдық құрметіне арналып отыр. Жақында өңірлік эстафетаны табыстау рәсімі Севастополь ауылдық округінде жалғасты.

Өрине, бұл күн – севастопольдықтар үшін тарихи сәтпен пара-пар болды. Шараға жиналғандардың әр қайсысы бірін-бірі мерекемен құттықтап, қол алысып, құшақтасты. Өсіресе, аға ұрпақтың жүздеріне күлкі үйірілді. Кездесуге келгендер емен-жарқын әңгімелесіп, еңбек жолдарын еске түсірді. Отбасылық мұрағатта сақталған сирек кездесетін суреттерді тамашалады. Өздері жайлы бейнебаянды экраннан көрген кезде жүректері тебіреніп, толқыныс күйі бастан кешірді. Себебі, олардың кей-



ны, еңбек ардагері Секеш Сұлтанғазинов.

Бұл марапаттан соң, ауыл тұрғындары естеліктерімен бөлісті. Мінберге бірінен соң бірі шығып, өткен күннің бір белгісін еске түсіріп, оның әлі күнге дейін үлгі етерлік іс екендігін айтты. Яғни, совхоздың бұрынғы директоры, малшылар, сауыншылар, мұғалімдер, бөлімше басшылары және бригадирлер сөз алды.

Атап өткен жөн, кезінде бұл совхозға Қостанай облыстық атқарушы комитеті, КСРО және Қазақ ССР Министрлер Советі келген. Сол кезде Ғазиз Сексенов, Иван Могилко және Григорий Кравченко сынды диқаншылар Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атаққа ие болып, "Алтын жұлдыз" және "Ленин" орденімен наградталған. Сондай-ақ, "Ленин" орденін 6 севастопольдық алса, ал "Қызыл Ту" орденін – 15, "Құрмет белгісін" – 9, "Еңбек Даңқын" – 5, "Халықтар достығын" – 3 адам иеленген. Бұдан бөлек, "Ленин кавалері" орденімен Тұрлыбек Шұғыбаев марапатталып, ҚазССР мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанса, ал Валерий Масликов пен Николай Ожковой – "Ленин комсомол сыйлығының" иегерлері болды.

Жалпы, Сарыкөл ауданының еңбек даңқы кітабына 85 ең үздік ауыл еңбеккерінің есімі енді. Солардың дені еңбек жолдарын Ұлы Отан соғысы тұсында бастаған болса, ал кейбіреуі мұнда Тың игеру жылдары келген.

Эстафета барысында аудан және ауыл өнерпаздары ән, би және күйлер орындап, ауыл халқына көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сондай-ақ, шара соңында еңбеккерлер есімі тізбектелген аталмыш кітап Ленинград ауылдық округіне табысталды.

Сарыкөл ауданы.

Абыройлы ардагер

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Ата жұрттан кіндігі ажырамаған ардагерлер аз емес. Саналы ғұмырын туған жердің гүлденуіне сарп еткен абзал ерлер қашанда зор құрметке лайық. Өмірдің ыстық-суығын өткерген қариялардың жүріп өткен өмір жолы



кейінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие. Сондай құрметті қариялардың бірі – Арқалық қаласының тұрғыны Ғазез Біркенев.

Ғазез Біркенев 1936 жылы 17 қыркүйекте Аманкелді ауданының Байғабыл ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Аманкелді орта мектебін бітіреді. 1955-1958 жылдары Отан алдындағы азаматтық міндетін өтеп келген жас, көп ұзамай ата-анасының тілегін орындап отау құрады. Бұл 1958 жылдың тамыз айы болатын. Міне, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт бойы құдай қосқан қосағы Қапиза апамен бірге бақытты отбасылық ғұмыр кешіп отыр.

Ғазез аға еңбек жолын 1960 жылы есепшіліктен бастаған. Қостанай ауылшаруашылық техникумын есепші мамандығы бойынша оқып бітіреді. 1965-1969 жылдар аралығында туған ауылында кәсіподақ ұйымының төрағасы болып қызмет жасайды. 1969-1973 жылдары аудандық партия және кәсіподақ ұйымдарының жолдамасымен Мәскеудегі жоғары кәсіподақ мектебіне оқуға аттанып, экономист мамандығымен қоса жоғары білім алып шығады.

1971-1976 жылдары Арқалық ауданының "Аңғар" совхозында партия ұйымының хатшысы, 1977-1987 жылдары осы совхозда директор болып қызмет атқарады. 1988-1989 жылдары Арқалық ауданының Майкутов ауылында аға экономист болды. 1989 жылы қызмет бабымен қайтадан Аманкелді ауданына қоныс аударып, "Тасты" ауылына бас экономист болып бекиді. 1990-1993 жылдары осындағы ауылдық кеңестің төрағасы, 1993-1997 жылдары ауыл әкімі болып еңбек етеді.

Бүгінде Ғазез аға еңбегінің зейнетін көріп, балалары мен немерелерінің ортасында бақытты ғұмыр кешуде. Ата-ананың борышы өмірге ұрпақ әкеліп, қатарынан кем қылмай өсіріп жеткізу болса, сегіз баланы өмірге әкелген қос қария сол парыздарын зор абыроймен атқара білді.

– Біз соғыстан бұрын тудық. Өте қиын заман болды. Балалық шағым тартымды болды деп айта алмаймын. Жастайымыздан ылғи бейнет көріп, алты айдың ала жазында колхоздың жұмысында жүрдік. Ол кезде өзеннің бойында екі-үш үйден құралған ауылдар болады. Содан төрт-бес шақырым жерден жаяу қатынап оқимыз. Жастайымыздан жұмысқа жегілдік. Өгіздің үстінде отырамыз. Қалғып кетіп құлап қалатын кездеріміз көп болды.

Өмірім оқыған жылдарымды есептегенде ауылшаруашылығында өтті. Өз басым қызметте қатаң болдым деп айта алмаймын. Облыстық партия ұйымының хатшысы Сақан Құсайынов "Директор сағат алтыда тұрса, сен бесте тұр" деп кезінде маған ақыл-кеңесін берген болатын. Жұмыстың аты жұмыс, ерте тұрып, кеш жатып даладағы егінжайдың басында жүрдік. Төрт мың бас ірі қара, оның тоғыз жүз басы сауын сиыр, сүт тапсыратын совхоз болды. Отыз мың гектардай егін салдық. Өмірдің ащы-тұщысын сезіп көрдік.

Абыройлы қызмет істеу үшін жастарға айтарым, ерінбей жұмыс істегендері жөн. Атқарып жатқан жұмыстарының жай-жапсарын бүге-шігесіне дейін білулері керек. Біз істеген ісімізді алға бастыру үшін үздіксіз тер төктік. Енді соның зейнетін көріп отырған жағдайымыз бар, – дейді өмірден көрген-түйгені мол қадірменді қария.

Иә, абырой, бақыт алтын уақытпен келеді. Мұның бәрі қадірлі қарияның ұзақ жылдар бойы маңдай терімен еткен еңбегінің жемісі. Көзі ашық, көкірегі ояу қария қоғамда болып жатқан өзгерістерге де зер салып отырады.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕ: Ғазез Біркенев, еңбек ардагері.
Суретті түсірген автор.

● МЕРЕЙ

Арда өлеңнің
ақжалы

Н.Ахметбеков атындағы мәдениет үйінде халықаралық "Алаш" сыйлығының лауреаты, Махамбет сыйлығының иегері, қазақтың көрнекті ақыны Серік Тұрғынбековтың 70 жасқа толған мерейтойының құрметіне арналған "Сұлу жырдың сұңқары" атты шығармашылық кеші өтті.

Жыр кешінде сөз алған аудан әкімі Асқарбек Кенжеғарин мерейтой иесін Торғай жұртшылығының атынан құттықтап, иығына шапан жауып, астына ат мінізді. Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Қарсақбай Бірмағанбетов аудан ардагерлерінің ізгі ниет-тілегін жеткізіп, отбасының атынан Секең ағамызға құрмет көрсетті. Ауданның "Құрметті азаматы" Кәкімжан Кәрбозов ағалық алғысын білдіріп, қазақтың салт-дәстүрін жаңғыртып, жоралғысын жасады. Жиналғандар кеш иесінің адам баласына жасаған жақсылықтары мен өлең өлкесіндегі бір беткейлігін айтып, көпшілікпен ой бөлісті. Ал, еңбек ардагері Рақым Рыскелдин тебіренген тілегін өлең жолдарымен

жолдады. Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов атындағы орта мектебінің оқушылары ақынның өлеңдерін жатқа оқып, өнер сүйер қауымның ыстық ықыласына бөленді. Ақын Серік Тұрғынбековты туған жерге деген сағынышын жүректен шыққан жалынды жырларымен өрбітті. Осы кеште ақынның сөзіне жазылған әсем әндер көптеп шырқалды.

– Туған жердің топырағын басқанда бойымды ерекше бір сезім билеп, тылсым күштің құдіреті пайда болды. Мүмкін арқажарқа ақ көңіл елімді көріп, өздеріңізге деген сағыныш мауқымның басылғандығы болар. Елге келгенде бауырлас ағайындардан алайын деп келген жоқпын. Керісінше, тұнық жырдың бұлағымен сусындатып, сіздердің рухтарыңызды көтеріп, рухани байлық сыйлайын деп келген жәйім бар. Торғай – қара шаңырақ іспеттес ақындардың мектебі. Мен Нұрханыммен мақтанам, Қоғабайыммен шаттанам, Назарбекті айтсам найзағайдай жарқетем, Ғафуды айтып сырлы сазды әндетем, Сыр-ағаның жөні бөлек, Кеңшілігім бір төбе. Осындай тұлғалардың ізін басқан менде қандай арман бар. Сіздерге басымды иіп дән ризашылығымды білдіремін. Осы дәрежеге жетуіме себепші болған өздеріңіз берген ақ баталарыңыз. Бесіктегі баласына жыр жаттатып, түздегі баласын төрге шығарған патша көңіл елімнен айналайын, – деді мерейтой иесі, ақын Серік Тұрғынбеков.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.
Жанкелдин ауданы.

● ЖАҢА КІТАП

Туған өлке –
тұнған шежіре

**Нұрболат
МЕШІТБАЕВ**

Таяуда Арқалық қаласының 60 жылдығына орай "Издательский дом" ЖШС баспасында "Арқалық 60" кітабы жарық көрді. Кітап қаланың мерейтойына орай қазақ және орыс тілінде жазылып, тарихи суреттер беріліп, көркем безендіріліп шығарылған. Алғашқы беті кіріспе сөзбен және облыс әкімі Архимед Мұхамбетовтің құттықтауымен басталады.

Кітапта ел картасында қаланың қалай пайда болғаны, боксит кен орнының ашылуы жайында толығырақ баяндалады. Авторлары есімі өңірге белгілі журналист-қаламгерлер: Арыстан Айтмағамбетов ("Торғай" газетінің бас редакторы), Олжас Айтмағамбетов, Мұрат Жүнісұлы ("Қостанай тағы" газетінің меншікті тілшісі) және Қазақ КСР кәсіби техникалық білім үздігі Жұпар Таткенова, "Жас ұлан" балалар мен жасөспірімдер орталығының директоры Елена Цвентух.

Фотоальбом түрінде шыққан кітапта алғашқы кен зерттеу мамандарының еңбегінің арқасында көпшілік біле бермейтін осы мекен келешекте көркем қала болып қалыптасқандығы, жаңа елді мекенге кеншілер, қаланың іргетасын қалаушылар легі келгендігі, көп ұзамай Арқалық Бүкілкеңестік комсомолдар құрылысы болып жарияланғаны, "жастар қаласы" деп аталып кеткендігі, Торғай өңірінің мәдени-білім ошағы ретінде көрініс тапқандығы, ғарыш кемесінің қону алаңына айналғандығы кеңінен әңгімеленеді.

Авторлар: "Кітаптың жұмысын атқарар кезде өлкенің бай тарихын барынша ашып көрсетуді мақсат еттік, өңірдің дәуірлеуі мен құлдырауын бүкпесіз айту мақсатымыз болды. Себебі, Торғай өңірі Қостанай аймағының оңтүстіктегі шаруашылық аймағы ғана емес, ең ірі мәдени-білім саласы өңірі болып сақталып қалмақ", – деп Торғай облысының әр замандағы дамуына бүге-шүге тоқталып, тарихи суреттермен ашып айтады.

Кітап ел-жер тарихын зерттеп жүрген ғалымдарға әрі барша оқырман қауымға арналған.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Ұлытау экспедициясы
Торғайда

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі Ә.Бөкейхановтың 150 жылдығына және Ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдық мерейтойына негізделген "Ұлытау - Торғай - Тоқырауын" ғылыми экспедициясы Торғай жеріне келіп, Ы.Алтынсарин атындағы мұражайда конференция өткізді.

Торғай жеріндегі тарихи орындарды аралап, одан алған өздерінің ерекше әсерлерімен бөлісті. "Мәдени мұра" бағдарламасын "Мәңгілік ел" идеясына ұштастыра отырып, Қазақстанның барлық аймақтарындағы оның ішінде тарихи орындардағы көне заттар мен қазба байлықтарын зерттеп, келешек ұрпақ үшін кемелді іс жасайтындықтарын тілге тиек етті. Сонымен қатар Торғай мұражайлар кешеніне табиғат әлемі бейнеленген және Ә.Бөкейхановтың өмірінен сыр шертетін кітаптарды естелікке табыстады.

Байбатыр НИЯЗБЕКҰЛЫ.

Жанкелдин ауданы.

Ақын – елдің ардағы

Н.Островский
атындағы қалалық
кітапхананың
оқырмандары ақын,
жазушы, драматург,
көсемсөзші-журналист
Ақылбек Шаяхметпен
кездесті. Іс-шараның
қатысушылары туған
өлке перзентінің балалық
шағы, шығармашылық
қызметі және әдеби
еңбектерімен
танысты.



Ақылбек Қожаұлы биыл шығармашылығының 50 жылдығын облыстық филармонияда атап өткен болатын. Іс-шараға республикаға белгілі ақын-жазушылар келіп, ақ жарма тілек, ағалық лебіздерін айтқан еді. Қалалық кітапханада өткен кездесу сол мерейтойдың жалғасы іспеттес.

Кітапханадағы кездесуге Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Арыстан Құрманов, ҚМПИ-дың өнер факультетінің оқытушысы Наурызбай Әмірхамзин қатысты. Арыстан Құрмановтың орындауында кең таралған "Қостанай" әнін көпшілік ыстық ықыласпен тыңдады. Аталмыш әннің сөзінің авторы – А.Шаяхмет.

Қазақстан эстрадасының әншісі Заттыбек Көпбосынов айтып жүрген "Әдемі" әнін де Ақылбек ағай жазған. Бұл әнді Наурызбай Әмірхамзин домбырамен орындап берді.

А.Шаяхмет – әртүрлі баспалардан жарық көрген қырықтан астам кітаптың авторы. Ақынның Шоқан, Ыбырай жайлы жазған және өзге де тақырыптар арқау болған пьесалары оны драматургтық қырынан елге танытты. Балалар әдебиетінде де өзіндік қолтаңбасы бар. Балаларға арналған "Күлімдеді күніміз", "Гүл мен бидай", "Біздің бақша", "Шынар", "Аяз және Қыдыр" атты кітаптары жарық көрген. Өлеңдері орыс мектептеріне арналған оқулықтарға енгізілген.

Балаларға арналған бір топ өлең жолдарын № 18, № 115 мектеп оқушылары Жанел және Диляра Бағланқызыдар, Бекзат және Ерзат Батыр жатқа айтты. Колледж студенттері кеш қонағының "Ақсұлу" драмалық поэмасынан үзінді сахналады. Сондай-ақ, дін тақырыбын қамтыған "Мінәжат" кітабындағы жыр жолдарынан мәнерлеп оқыды.

Қазақстанның құрметті журналисі, "Алтын қалам" иегері А.Қожаұлы оқырмандардың сауалдарына жауап беріп, бірге суретке түсті.

Қ.МҰРАТБЕКҚЫЗЫ.

СУРЕТТЕ: А.Шаяхмет
оқырмандардың ортасында.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" республикалық мемлекеттік мекемесінің Қостанай филиалы басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін 2016 жылғы IV тоқсанда ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Азаматтарды қабылдауды жүргізуші тұлғаның А.Т.Ә.	Азаматтарды қабылдауды жүргізуші тұлғаның лауазымы	Қабылдау күні және уақыты	Мекенжайы	Қабылдауға алдын ала жазуды жүргізуге уәкілетті тұлғалардың байланыс телефондары
Жұмашев Миращ Жұмашұлы	Директор	Бейсенбі 15.00-16.00	Қостанай қ. Баймағамбетов көшесі, 195, 311-кабинет	8 (7142) 54-44-24 - басшының хатшысы, 8 (7142) 54-23-81 - іс қағаздарын жүргізу жөніндегі жетекші инспекторы
Джумабаева Галия Ивановна	Директордың орынбасары	Сәрсенбі 15.00-16.00	Қостанай қ. Баймағамбетов көшесі, 195, 309-кабинет	
Омарханова Жанна Тулигеновна	Директордың орынбасары	Сейсенбі 15.00-16.00	Қостанай қ. Баймағамбетов көшесі, 195, 307-кабинет	

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖЕГІ ҚҰРТ

Жемқорлыққа жол жоқ

"Жемқорлық жоқ!", – деп қанша ұрандатқанымызбен іс жүзінде пара бермей, өз шаруаңызды бітіру мүмкін болмай қалды десем, менімен оқырман толық келісер. Соңғы уақыттары мемлекет тарапынан көптеген бағдарламалар әзірленіп, қоғамдық дерттің жолын кесу үшін шаралар қолданылып жатқанмен, жемқорлық мәселесі толық шешілген жоқ. Ел арасында ол жайлы көптеген мысалдар мен нақты оқиғалар желдей есіп жүр. Мен де, өткенді еске алып "Мен парақор емеспін!" – деген бір ұстазым жайлы әңгімелеп берсем деймін.

Бұдан 10 жыл бұрын студент атанып, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің "филология" мамандығында оқып жүргенде, "философия" деген сабақ болушы еді. Сол кезде ауылдан келген балаларға бұл сабақты түсініп оқу оңайға соқпады. Конфуций – Қытай ойшылы мен оның ұстанған бағыттары жайлы көп оқитынбыз. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы болғандықтан топта кілең қыздар едік. Сондайда, мына Қытай ойшылының айтқан-жазғандары миға оңайлықпен қонбайтын. Уақыт өтіп осы пәннен емтихан тапсыратын болдық. Емтиханды Есбол Ғалымқазы Шәріпұлы бастаған комиссия алатын болды. Айтпақшы, ол кісі әлі де сол жерде сабақ беріп келеді. Комиссия құрамында университеттің белді мұғалімі, әлеуметтану мен саясаттанудан білім берген Оралбай Құрманбайұлы да бар еді. Сынақ күні:

– Балалар, ештеңеден қорықпаңдар! Сұрақтардың барлығы өздерің оқыған кітаптарыңнан алынған, – деп комиссия мүшелері бізді емтиханнан бұрын аудиторияға жинады.

Студенттер уайымдап, тыныштандыратын дәрілерін ішіп әлек. Мен де іштей қорқып тұрмын. Қыздар ақылдаса келіп, жоғарғы курстың айтқан кеңесін пайдаланып ортадан ақша жинайтын болды. Өйткені, емтиханға дайындалып жүргенде бізден жоғары оқитын студенттер: – "Білімдеріңе сенбей-ақ қойыңдар. Бәрібір ақша төлемесеңдер, емтиханнан құлатады" – демесі бар ма? Содан ақша берген студенттердің тізімін жазып, кім қандай баға алуды қалайтынын көрсетіп ақшаны конвертке салдық. "5"-деген баға алатындар 5 мың, "4"

қалайтындары 4 мың теңгесін берді. Не керек, тәуекелге бел буып топтың старостасы Сандұғаш Адаева есімді қызды қолына ақша салынған конвертті ұсынып, емтихан болатын аудиторияға күштеп кіргізіп жібердік. Сол кезде біз ойламаған сұмдық болды. Сандұғаштың көзі жасқа толып, аудиториядан шығып, бәрімізді шақыртып жатқанын хабарлады. Апыр-топыр ішке ендік. Қабағы қатулы Ғалымқазы ағайдың ашудан бұлыққан жүзіне қарауға дәтіміз жоқ. Ол кісі алдымен жаймен сөйлей бастады:

– Сендер мені кім деп ойлайсыңдар! Маған пара беріп, жақсы баға алғыларың келеді екен ғой. Егер мен осы уақытқа дейін студенттерден ақша алып келсем, үстімдегі 20 жыл болған костюммен жүрер ме едім. Егер пара алып қатырсам, мына бәтеңкемді ай сайын жаматар ма едім. Кейде корпустар арасында жаяу жүруге тура келеді. Сонда такси шақыртсам болмай ма, бірақ, оған қаражат жоқ. Сол ақшаға тамақ сатып алмаймын ба? Сендер мені сонда кімге теңеп тұрсыңдар! Ақшаларың көп болса, неге мұнда оқып жүрсіңдер. Университеттің табалдырығын тоздырып, бірден диплом сатып ала салмадыңдар ма?! Бұл қай сасқандарың! – деп ақырып қоя берді.

Ақша жинаған конвертті ашып, ақшаны біздің бетімізге шашып жіберді де, бәрімізді аудиториядан қуып шықты. Содан не керек, араға 10-15 минут салып емтихан басталып кетті. Сол емтиханның менің өмірімде орны бөлек болды. Бәрі де анық есімде жатталып қалған. Өз күшімізбен емтиханды тапсырып шықтық. Мен бұл пәнді жақсы көрдім деп айта алмаймын. Бірақ, сұрақтардың бәріне жауап беріп "5" деген баға алып, дегеніме жеттім. Комиссия мүшелері билеттегі сұрақтан бөлек тағы бір сұрақ қойды:

– Сіздің елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізіп отырған саясатына деген көзқарасыңыз қандай? Қазіргі таңда білім саласындағы жетістіктерге көңіліңіз тола ма? – демесі бар ма? Мен көп ойланбай не үшін бұл сұрақ қойылғанына аң-таң болып, қолымнан келгенше жауап беруге тырыстым. Студенттердің бәрі емтиханнан кейін кімнің қандай баға алғанын білу мақсатында аудиторияға жиналды. Сонда филосо-

фия пәнінің мұғалімі Ғалымқазы Шәріпұлы:

– Қазір ақша беріп жақсы баға алғандарыңмен ертең қолдарыңа диплом алып, ауыл-аудандарға балаларға білім беріп, сабақ жүргізгенде бастарыңда түк болмаса, оқушыларға ақша беріп аузын жабасыңдар ма, әлде олардан ақша талап етесіңдер ме?! "Сен жанбасаң лапылдап, ол жанбаса лапылдап, мен жанбасам лапылдап, аспан қалай ашылмақ?!" Балалар оқыңдар! Пара берген адамның жұмысы ілгері баспайды, – деген сөздеріне іштей риза болдым.

Ал, қазір өмірден біраз тәжірибе жинадық, есейдік, бәріміз жан-жаққа кеттік. Бірақ, бар адам баласы сол Ғалымқазы ағайдай болса ғой, шіркін! Жақында ғана баламды балалар бақшасына орналастыру үшін құжаттарды алып, үйіміздің жанындағы бақшаға бардым. Меңгеруші орын жоқ екенін айтып, оның жолын шешу жолдарымен бөлісті:

– Балаңызды біз орналастырамыз бірақ, сіз ата-ана ретінде бізге қамқорлық жасаңыз. Бақшамыздың акт залында перде ескі, жаңасын алып беріңіздер. Бағасы қымбат емес, әрі кетсе 30-40 мың теңге шамасы, – деді.

Жолдасыммен ақылдасып, осы шартына көнбеске амал болмады. Содан уақыт өте келе меңгерушінің қалауы бойынша тапсырыс берген пердесі дайын болып, дүкеннен алып кетуге барғанда шалқамыздан құладық. Бағасы 115 мың дейді. Содан әлгі меңгерушіге хабарласып, мұндай қаражаттың бізде жоқтығын айтып түсіндірсем. Телефон артындағы ол:

– Уайымдамаңыз, қанша қаражатқа шамаңыз жетсе, соны төлесіңіз болды, қалғанын басқа ата-аналар береді ғой! – деп қысқа қайырды.

Қолымда барын беріп кете бардым. Мұндай ұсақ-түйек пара алу қазіргі таңда күнделікті тіршілікке айналғандығы қынжылтады. Осындайда "Ғалымқазы ағай болса ғой" деп ойланасың! Орта ғасырда Швед елінде жемқорлық жасаған адамдарға сот төралығымен саусағын кесуге үкім шығарған екен. Егер біздің елде де осы тәжірибені қолданып көрсе, жемқорлық саны азаяр ма еді!

Дамира ҚОЖАХМЕТОВА.
Рудный қаласы.

ҚҰТТЫҚТАУ

Құттықтаймыз!

Қыркүйек айының 22-ші жұлдызында 63 жасқа толып, зейнеткерлікке шыққалы отырған Алтынсарин ауданы, Сведлов ауылының тұрғыны адал жар, ардақты әкеміз және сүйікті атамыз **Әбеуов Нұрсейт Әбеуұлын** туған күнімен құттықтаймыз!

Тілейміз біз таусылмайтын төзімді,
Тілейміз біз сарқылмайтын сезімді.
Денсаулығыңыз мықты болсын, жан әке,
Құттықтайды ұл-қызың өзіңізді.
Өмір-өзен жақсылығын жалғасын,
Тіршілікте сәттіліктер қолдасын.
Жанұямен мақтанамыз қашанда,
Арамызда сіздей әке болғасын.
Ізгі тілекпен: Әбеуовтер отбасы.



ЕСКЕ АЛУ

Еске алу

Сұм ажал арамыздан ерте алып кеткен **Аңсаған ұлы Жақсыбайды** сағынып еске аламыз. Ардақты әке, асыл жар, үлкенге іні, кішіге аға бола білген білікті дәрігер, жүрген жері той-думан. Досымыздың арамыздан кеткеніне де 1 жыл болды.

Жақсыбай сенің бейнең, сөзің, өңің мәңгілік біздің жүрегімізде. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын. Алланың рахметі, Пайғамбардың шапағаты тиісін. Соңында қалған жарың мен балаларың аман болсын.

Еске алушы бір топ сыныптас достарың:
Сабырқұл, Бақытжан, Гүлзада, Қанат, Мұрат, Көкішбай.



Жол белгілері еліне саяхат



ОИД жергілікті полиция қызметінің шақыруымен Челябин қаласынан келген "Карусель" балалар комедиясы театры Қостанайдағы мектепке дейінгі мекемелерде болып, өз өнерлерін көрсетуде.

Ресейлік әртістер балаларға "Жол белгілері еліне саяхат" спектаклін ұсынды. Қостанай қаласындағы алғашқы қойылым №3 балабақшада болды. Іс-шара Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастық шеңберінде ұйымдастырылды. Қостанай қаласы ІІБ ЖПҚ жол-патруль полициясы батальоны штабының инспекторы аға лейтенант Н.Байтасовтың айтуынша, музыкалық комедияны Рудный және Лисаков қалаларының балалары көрген, енді спектакльді облыс орталығының балабақшаларында тәрбиеленіп жатқан балалар көре алады. Полицейлер жыл сайын шығармашылық ұжымдармен бірлесіп, жолдағы балалар жарақаттанушылығының алдын алуға бағытталған қызықты да пайдалы қойылымдарды әзірлейді. "Біздің музыкалық қойылым ойындардан құралған, оның барысында балалармен интерактивті байланыс орнатылып, жол сауаттылығы сабағы өтеді", – дейді театр жетекшісі Н.Садовский.

ОҚИҒА

Жертөледе зорлап өлтірді

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

Қаланың көпқабатты үйлерінің бірінің жертөлесінен жасы елулер шамасындағы әйел адамның мәйіті табылды. Белгілі болғанындай ол 1963 жылы туған Р. деген болып шықты. Мәйіттен зорлау белгілері байқалады.

Тәртіп сақшыларының жедел іздестіруі барысында 1973 жылы туған Д. және 2002 жылы туған А. ұсталды. Екеуі де қаладағы жүйке ауруларын емдеу диспансерінде дәрігердің есебінде тұратын болып шықты.

Қылмыскерлер кінәларын толық мойындады. Олар айтуларынша жертөледе азаматшаны зорлап, артынша өлтіріп тастаған.

Құрықтау барысында бұлтартпау айғақтары қолданылып, бейне және фото түсірілімдер жасалды.

Арқалық қаласы.

“Торғай әуендеріне” - 45 жыл

**Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ**

Арқалықта Қостанай облысының 80 жылдығына және Арқалық қаласының 60 жылдығына арналып “Сені мәңгі жыр етем, туған өлкем” атты аймақтық “Торғай әуендері” фестивалі өтті. Өнер шеруіне Ақмола облысының Жарқайың ауданы, Қарағанды облысының Ұлытау ауданы, Қостанай облысының Әулие-көл, Науырзым аудандары және Арқалық қаласы қатысты.

Фестивальдің мақсаты мен міндеттері: “Мәдени мұра” бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында қазақтың халық шығармашылығы өнерін дамыту, халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан алтын арқауын насихаттау, қазақ халқының атақты күйшілерінің күйлерін келер ұрпаққа насихаттап, таныта білу, жеке орындаушылардың, хореография өнерінің сахналық шеберлігін арттыру, жаңа талантты жастар мен өнерпаздарды халыққа танытып, олардың өсу жолына көмек беру.

– Биыл ел өміріндегі маңызды мерекелермен қатар, өңіріміздің дамуына зор серпін беретін “Торғай әуендері” фестиваліне де 45 жыл толып отыр. Негізін қазақтың біртуар тұлғасы, мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков қалаған бұл фестиваль біздің өмірімізбен біте қайнасып, бірге жасап келеді.



Елбасының “Мәдени мұра” бағдарламасының жүзеге асуында “Торғай әуендері” сынды шоқтықты шаралардың үлесі зор. Ел мен елді жақындастырып, киелі өнерін дамытуға мол мүмкіндік беретін “Торғай әуендері” фестивалі осынау жарты ғасырға жуық уақытта талай өнер саңлақтарының талабын ұштап, халық арасында кеңінен танылуына ықпал етті.

“Торғай әуендері” – бұл тамырын тереңнен алатын халқымыздың асыл қазынасы. Еліміздің сонау ықылым заманнан келе жатқан сарқылмас бай

мұрасы: өнері мен мәдениеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінің жарқын көрінісі. “Торғай әуендері” фестивалінің дүниеге келуінің арқасында халқымыздың ұмыт қала бастаған көне ұлттық саз аспаптары қайта жанданды. Оған Өзбағанның тікелей басшылығымен құрылған “Шертер” ұлттық-этнографиялық ансамблі айқын дәлел. Елімізде тұңғыш құрылған ансамбль халқымыздың өнері мен мәдениетін ел арасында кеңінен насихаттап, шетелдерге де паш етті, – дейді фестивальдің ашылуында құттықтау сөз сөйлеген қалалық

мәслихаттың хатшысы Сабыржан Тасмағанбет.

Сахна шымылдығын әсем өнімен ашып, өнерпаздарға жол бастап берген күміс көмей әнші жерлесіміз, Қазақстанның халық әртісі Ғазиза Жүмекенова да өзінің осы сахнадан өсіп шыққанын тілге тиек етті.

Дүбірлі думанға фестивальдің алғаш құрылған кезеңінен куә болып келе жатқан ҚР Мәдениет қайраткерлері Жұмағали Өмірбек, Отарқұл Мұқатова, Дариға Құрмановалар әділқазылық жасады.

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕРДЕ: фестивальден көрініс.
Суреттерді түсірген автор.



"АУЫЛЫМ – МЕНІҢ ЖҰМАҒЫМ!"

"Қостанай таңы" газетінің фотобайқауы

"Ауылым – менің жұмағым" деген пікірге өз басым толығымен келісемін. Ауылды аңсамайтын адам жоқ шығар. Ауылдан көп жылдардан бері көшіп, алыстап кеткендерді кезіктіре қалсаң, айтатындары ауылдың тамылжыған тамаша табиғаты, шөлірікпенде сусаған мөлдір суы, бұрын өзі жалаңаяқ басып ізін қалдыраған қасиетті топырағы, жез киіктей желге қарсы жүгіргенде, алдынан есетін самал желі. Ауылдың қасиеттілігін ұққандар үшін, әрине, туған ел, туған жер жұмақпен пара-пар.

Мен өскен ауыл Құмкешу деп аталады. Бірі білер, бірі білмес, ауылымның шетінде төбешік болып үйіліп жатқан құмды алғаш көргендер болса, таңдай қаға таңданырлық. Ауыл ішіне үйлесіңіз, жел тұрса үрлеп кететін құм. Жаңбыр жауып өтсе, суды топырақ өзіне лезде сіңіріп алады. Жалаңаяқ жүгірсеңіз, табаныңызға майдай жағатын майда құм қытықтайтын тәрізді. Жаз айының күн ысыған шағында, бір төбешіктің үстіне шығып алып, қос аяғыңызды жазып жіберіп отырсаңыз, бойыңызды бірден жібітіп, бір демалдырып тастайды. Бұл тек ауыл сипатының бір бөлігі ғана. Туған өлке бәрінен де ыстық. Тек сол ауыл қасиетін, қадірін біреу ерте, біреу кеш ұғады...

**Сералы МЫРЗАБАЙ,
А. Байтұрсынов атындағы
Қостанай мемлекеттік университетінің
журналистика мамандығының
3-курс студенті.**



Сурет – тарих, сурет – уақыт уысынан суырып алынған "тірі" секундтар. Олай болса, сізге өмірдің ең ерекше сәттерін жұртпен бөлісудің тамаша мүмкіндігі туды!

"Қостанай таңы" газеті оқырмандар арасында "Ауылым – менің жұмағым" атты фотобайқауын жариялаған болатын. Мақсат – жайдары жаздың ең ерекше де көркем көріністерін кадрға іліктірген үздік авторды анықтау. Газетімізге де, ресми сайтымызға да хабарландыру берілгендей, байқауға қатысуға ниет білдірушілерге шектеу қойылмайды. Жасқа да, жасамысқа да, кәсіби шеберге де, әуесқой фотошыға да шарт

біреу – талғамды, тосын, жанды суреттер іріктеуге түседі. Ендеше, құрметті оқырман, редакциямыз тағайындаған жүлденің лайықты иегері боламын десеңіз, белсенділік танытыңыз!

Жолдаған фотоларыңыз газет бетінде жарық көріп, сайтымызда да ұдайы көрініс тауып отыратын болады.

Ескерте кетейік, суреттеріңізді Kostanaytany@mail.ru немесе Kt-fan@mail.ru электронды мекенжайларына жолдауыңызға, сондай-ақ 54-84-44, 57-67-65 нөмірлерімен байланысуыңызға болады. Жұмыстар 1 қазанға дейін қабылданады.

Меншік иесі:

**"Қостанай таңы" газеті
редакциясы" ЖШС**

**Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ**

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65

Жауапты хатшы: 54-33-22

Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68

Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42

Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25

Жарнама бергіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

А – ақыл жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген.

Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылм. "Қостанайполиграфия" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10681 Тапсырыс 1941

Нөмірдің кезекші редакторы Қарлығаш ОСПАНОВА.